14	Каратэ (WKF)	World karate federation (WKF)				Каратэ (WKF)	
15	Кикбоксинг	World Association of Kickboxing Organizations (WAKO)				Кикбоксинг	

16	Муайтай	International Federation of Muaythai Associations (IFMA)				Муайтай	
17	Самбо	International Sambo Federation (FIAS)				Спорттық самбо	
						Жауынгерлік самбо	
18	Шахмат	Federation Internationale des Echecs (FIDE), The International Chess Committee of the Deaf				Шахмат	

Ұлттық спорт түрлері

19	Аударыспақ	"World Federation of Horseback Wrestling" ЗТБ					Аударыспақ
20	Асық ату	"Көшпенділердің Асық спорты халықаралық федерациясы" ЗТБ					Асық ату
21	Жамбы ату	"International horseback archery alliance" (IHAA)					Жамбы ату
22	Жекпе-жек	-					Жекпе-жек
23	Көкпар	"Бүкіләлемдік көкпар қауымдастығы" ЗТБ					Көкпар
24	Қазақ күресі	"QAZAQ KURESI" қауымдастық нысандағы ЗТБ					Қазақ күресі
25	Теңге ілу	"Халықаралық теңге ілу ат спорт федерациясы" қауымдастық нысандағы ЗТБ					Теңге ілу
26	Тоғызқұмалақ	"Дүниежүзілік тоғызқұмалақ федерациясы" ЗТБ					Тоғызқұмалақ

15. Маңғыстау облысы

Жазғы спорт түрлері

1	Бокс	World Boxing	Бокс				
2	Волейбол	International Volleyball Federation (FIVB)	Жағажай волейболы				
				Волейболды отырып ойнау			
		International Judo					

3	Дзюдо	Federation (IJF)	Дзюдо				
4	Жеңіл атлетика	World Athletics (WATH), International Association of Athletics Federations (IAAF)			Жеңіл атлетика		
5	Күрес түрлері	United World Wrestling (UWW)	Еркін күресі				
6	Су спорт түрлері	World Aquatics, Fédération Internationale de Natation (FINA)		Жүзу			
7	Таеквондо	World Taekwondo (WT)	Таеквондо WT				
8	Үстел теннисі	International Table Tennis Federation (ITTF)	Үстел теннисі		Үстел теннисі		
9	Футбол	Fédération Internationale de Football Association (FIFA)	Футбол				
Қысқы спорт түрлері							
-	-	-	-	-	-	-	-
Азия және Параазия ойындарының бағдарламаларына енген спорт түрлері							
10	Джиу-джи тсу	Ju-Jitsu International Federation (JJIF)			Джиу-джи тсу		
11	Каратэ (WKF)	World karate federation (WKF)			Каратэ (WKF)		

12	Самбо	International Sambo Federation (FIAS)				Спорттық самбо	
						Жауынгерлік самбо	
13	Шахмат	Federation Internationale des Echecs (FIDE), The International Chess Committee of the Deaf			Шахмат	Шахмат	
Ұлттық спорт түрлері							
14	Аударыспақ	"World Federation of Horseback Wrestling" ЗТБ					Аударыспақ
15	Асық ату	"Көшпенділердің Асық спорты халықаралық федерациясы" ЗТБ					Асық ату
16	Бәйге	-					Бәйге
17	Дәстүрлі садақ ату	"World Tradicional Archery federation"					Дәстүрлі садақ ату
18	Жамбы ату	"International horseback archery alliance" (ИНАА)					Жамбы ату
19	Жекпе-жек	-					Жекпе-жек
20	Көкпар	"Халықаралық жаппай көкпар федерациясы" ЗТБ					Жаппай көкпар

		" Бүкіләлем дік көкпар қауымдаст ығы" ЗТБ					Көкпар
21	Қазақ күресі	"QAZAQ KURESI" қауымдаст ы қ нысандағы ЗТБ					Қазақ күресі
22	Құсбегілік	" INTERNA TIONAL QUSBEGI L I K FEDERAT ION"					Құсбегілік
23	Теңге ілу	" Халықара лық теңге ілу ат спорт федерация сы"қауым дастық нысандағы ЗТБ					Теңге ілу
24	Тоғызқұма лақ	" Дүниежүзі л і к тоғызқұма ла қ федерация сы" ЗТБ					Тоғызқұма ла қ , тоғызқұма ла қ (паралимпи адалық емес)

16.Павлодар облысы

Жазғы спорт түрлері

1	Ату спорт түрлері	International Shooting Sport Federation (ISSF)	Нысана көздеу				
2	Бокс	World Boxing	Бокс				
3	Велосипед тік спорт түрлері	Union Cycliste Internationale (UCI)	Велосипед спорты (тас жол)				
			Маунтинб айк				
4	Волейбол	International Volleyball Federation (FIVB)	Классикал ы қ волейбол				

5	Гимнастик а спорт түрлері	International Gymnastics Federation (FIG)	Батуттық гимнастик а				
			Көркем гимнастик а				
6	Дзюдо	International Judo Federation (IJF)			Дзюдо		
7	Жеңіл атлетика	World Athletics (WATH), International Association of Athletics Federations (IAAF)	Жеңіл атлетика				
8	Күрес түрлері	United World Wrestling (UWW)	Еркін күресі				
9	Қол добы	International Handball Federation (IHF)	Қол добы				
10	Су спорт түрлері	World Aquatics, Fédération Internationale de Natation (FINA)	Жұзу		Жұзу		
11	Пара пауэрлифт инг	World Para Powerlifting		Пара пауэрлифт инг			
12	Таеквондо	World Taekwondo (WT)			Таеквондо		
13	Үстел теннисі	International Table Tennis Federation (ITTF)	Үстел теннисі				
14	Футбол	Fédération Internationale de Football Association (FIFA)	Футбол				
Қысқы спорт түрлері							
15	Биатлон	International Biathlon Union (IBU)	Биатлон	-	-	-	-
16	Коньки спорт түрлері	International Skating Union (ISU)	Конькимен жүгіру спорты				
17	Шаңғы спорт түрлері	International Ski and Snowboard Federation (FIS)	Шаңғы жарыстар ы		Шаңғы жарыстар ы		
			Фристайл (акробатика, могул)				
18	Шайбалы хоккей	International Ice Hockey Federation (IIHF)			Шайбалы хоккей		
Азия және Параазия ойындарының бағдарламаларына енген спорт түрлері							

19	Шахмат	Federation Internationale des Echecs (FIDE), The International Chess Committee of the Deaf				Шахмат (паралимпи адалық емес)	
Ұлттық спорт түрлері							
20	Аударыспақ	"World Federation of Horseback Wrestling" ЗТБ					Аударыспақ
21	Асық ату	"Көшпенділердің Асық спорты халықаралық федерациясы" ЗТБ					Асық ату
22	Бәйге	-					Бәйге
23	Дәстүрлі садақ ату	"World Tradicional Archery federation"					Дәстүрлі садақ ату
24	Жамбы ату	"International horseback archery alliance" (ИНАА)					Жамбы ату
25	Жекпе-жек	-					Жекпе-жек
26	Көкпар	"Бүкіләлемдік көкпар қауымдастығы" ЗТБ					Көкпар
27	Қазақ күресі	"QAZAQ KURESI" қауымдастық нысандағы ЗТБ					Қазақ күресі
28	Құсбегілік	"INTERNATIONAL QUSBEGILIK FEDERATION"					Құсбегілік
29	Теңге ілу	"Халықаралық теңге ілу ат спорт федерациясы" қауымдастық нысандағы ЗТБ					Теңге ілу
30	Тоғызқұмалақ	"Дүниежүзілік тоғызқұмалақ федерациясы" ЗТБ					Тоғызқұмалақ, тоғызқұмалақ (паралимпи адалық емес)
17. Солтүстік Қазақстан облысы							
Жазғы спорт түрлері							
1	Бокс	World Boxing	Бокс				
2	Баскетбол	Federation International de Basketball (FIBA)	Баскетбол				
3		Union Cycliste Internationale (UCI)	Велосипед спорты (тас жол)				

	Велосипедтік спорт түрлері		Велотрек				
4	Жеңіл атлетика	World Athletics (WATH), International Association of Athletics Federations (IAAF)	Жеңіл атлетика	Пара жеңіл атлетика	Жеңіл атлетика		
5	Күрес түрлері	United World Wrestling (UWW)	Грек-рим күресі				
6	Су спорт түрлері	World Aquatics, Fédération Internationale de Natation (FINA)	Жүзу				
Қысқы спорт түрлері							
7	Биатлон International Biathlon Union (IBU)	International Biathlon Union (IBU)		Пара биатлон	-	-	-
8	Коньки спорт түрлері	International Skating Union (ISU)	Конькимен жүгіру спорты				
9	Шайбалы хоккей	International Ice Hockey Federation (IIHF)	Шайбалы хоккей				
10	Шаңғы спорт түрлері	International Ski and Snowboard Federation (FIS)	Шаңғы жарыстары	Пара шаңғы жарыстары	Шаңғы жарыстары		
Азия және Параазия ойындарының бағдарламаларына енген спорт түрлері							
-	-	-	-	-	-	-	-
Ұлттық спорт түрлері							
11	Аударыспақ	"World Federation of Horseback Wrestling" ЗТБ					Аударыспақ
12	Асық ату	"Көшпенділердің Асық спорты халықаралық федерациясы" ЗТБ					Асық ату
13	Бәйге	-					Бәйге
14	Дәстүрлі садақ ату	"World Traditional Archery federation"					Дәстүрлі садақ ату
15	Жамбы ату	"International horseback archery alliance" (ИНАА)					Жамбы ату
16	Жекпе-жек	-					Жекпе-жек

17	Көкпар	"Бүкіләлемдік көкпар қауымдастығы" ЗТБ					Көкпар
18	Қазақ күресі	"QAZAQ KURESI" қауымдастық нысандағы ЗТБ					Қазақ күресі
19	Теңге ілу	"Халықаралық теңге ілу ат спорт федерациясы" қауымдастық нысандағы ЗТБ					Теңге ілу
20	Тоғызқұмалақ	"Дүниежүзілік тоғызқұмалақ федерациясы" ЗТБ					Тоғызқұмалақ

18.Түркістан облысы

Жазғы спорт түрлері

1	Ауыр атлетика	International Weightlifting Federation (IWF)	Ауыр атлетика				
2	Бокс	World Boxing	Бокс				
3	Дзюдо	International Judo Federation (IJF)	Дзюдо				
4	Есу спорт түрлері	International Canoe Federation (ICF)	Байдарка мен каноэде есу	Пара каноэ			
5	Жеңіл атлетика	World Athletics (WATH), International Association of Athletics Federations (IAAF)	Жеңіл атлетика				
6	Күрес түрлері	United World Wrestling (UWW)	Әйелдер күресі				
			Грек-рим күресі				
			Еркін күресі				
7	Таеквондо	World Taekwondo (WT)	Таеквондо WT				
8	Теннис	International Tennis Federation (ITF)	Теннис				
9	Үстел теннисі	International Table Tennis Federation (ITTF)	Үстел теннисі				
10	Футбол	Fédération Internationale de Football Association (FIFA)	Футбол				

Қысқы спорт түрлері

-	-	-	-	-	-	-	-
---	---	---	---	---	---	---	---

Азия және Параазия ойындарының бағдарламаларына енген спорт түрлері

11	Каратэ (WKF)	World karate federation (WKF)				Каратэ (WKF)	
12	Самбо	International Sambo Federation (FIAS)				Спорттық самбо	
						Жауынгерлік самбо	
13	Шахмат	Federation Internationale des Echecs (FIDE), The International Chess Committee of the Deaf			Шахмат		

Ұлттық спорт түрлері

14	Аударыспақ	"World Federation of Horseback Wrestling" ЗТБ					Аударыспақ
15	Асық ату	"Көшпенділердің Асық спорты халықаралық федерациясы" ЗТБ					Асық ату
16	Бәйге	-					Бәйге
17	Дәстүрлі садақ ату	"World Tradicional Archery federation"					Дәстүрлі садақ ату
18	Жамбы ату	"International horseback archery alliance" (ИНАА)					Жамбы ату
19	Жекпе-жек	-					Жекпе-жек
20	Көкпар	"Бүкіләлемдік көкпар қауымдастығы" ЗТБ					Көкпар
21	Қазақ күресі	"QAZAQ KURESI" қауымдастық нысандағы ЗТБ					Қазақ күресі
22	Құсбегілік	"INTERNATIONAL QUSBEGILIK FEDERATION"					Құсбегілік
23	Теңге ілу	"Халықаралық теңге ілу ат спорт федерациясы" қауымдастық нысандағы ЗТБ					Теңге ілу
24	Тоғызқұмалақ	"Дүниежүзілік тоғызқұмалақ федерациясы" ЗТБ					Тоғызқұмалақ

19. Ұлытау облысы

Жазғы спорт түрлері

1	Бокс	World Boxing	Бокс				

2	Дзюдо	International Judo Federation (IJF)	Дзюдо				
3	Есу спорт түрлері	International Canoe Federation (ICF)	Байдарка мен каноэде есу				
4	Жеңіл атлетика	World Athletics (WATH), International Association of Athletics Federations (IAAF)	Жеңіл атлетика				
5	Үстел теннисі	International Table Tennis Federation (ITTF)	Үстел теннисі				
6	Футбол	Fédération Internationale de Football Association (FIFA)	Футбол				
Қысқы спорт түрлері							
-	-	-	-	-	-	-	-
Азия және Параазия ойындарының бағдарламаларына енген спорт түрлері							
7	Самбо	International Sambo Federation (FIAS)				Спорттық самбо	
						Жауынгерлік самбо	
Ұлттық спорт түрлері							
8	Аударыспақ	"World Federation of Horseback Wrestling" ЗТБ					Аударыспақ
9	Асық ату	"Көшпенділердің Асық спорты халықаралық федерациясы" ЗТБ					Асық ату
10	Бәйге	-					Бәйге
11	Дәстүрлі садақ ату	"World Tradicional Archery federation"					Дәстүрлі садақ ату
12	Жамбы ату	"International horseback archery alliance" (ИНАА)					Жамбы ату
13	Жекпе-жек	-					Жекпе-жек
14	Көкпар	"Халықаралық жаппай көкпар федерациясы" ЗТБ					Жаппай көкпар
		"Бүкіләлемдік көкпар қауымдастығы" ЗТБ					Көкпар
15	Қазақ күресі	"QAZAQ KURESI" қауымдастық нысандағы ЗТБ					Қазақ күресі

16	Құсбегілік	"INTERNATIONAL QUSBEGILIK FEDERATION"					Құсбегілік
17	Теңге ілу	"Халықаралық теңге ілу ат спорт федерациясы" қауымдастық нысандағы ЗТБ					Теңге ілу
18	Тоғызқұмалақ	"Дүниежүзілік тоғызқұмалақ федерациясы" ЗТБ					Тоғызқұмалақ

20.Шығыс Қазақстан облысы

Жазғы спорт түрлері

1	Ауыр атлетика	International Weightlifting Federation (IWF)	Ауыр атлетика				
2	Есу спорт түрлері	International Canoe Federation (ICF)	Байдарка мен каноэде есу				
			Есу слаломы				
3	Жеңіл атлетика	World Athletics (WATH), International Association of Athletics Federations (IAAF)	Жеңіл атлетика				
4	Күрес түрлері	United World Wrestling (UWW)	Еркін күресі				
5	Семсерлесу	Internationale Fencing Federation (FIE)	Семсерлесу				
6	Су спорт түрлері	World Aquatics, Fédération Internationale de Natation (FINA)		Пара жүзу			
7	Үстел теннисі	International Table Tennis Federation (ITTF)	Үстел теннисі				

Қысқы спорт түрлері

8	Биатлон	International Biathlon Union (IBU)	Биатлон				
9	Коньки спорт түрлері	International Skating Union (ISU)	Шорт-трек				
10	Шайбалы хоккей	International Ice Hockey Federation (IIHF)	Шайбалы хоккей				
			Тау шаңғысы спорты				

11	Шаңғы спорт түрлері	International Ski and Snowboard Federation (FIS)	Шаңғы жарыстары Шаңғымен тұғырдан секіру Фристайл (акробатика, могул)				
Азия және Параазия ойындарының бағдарламаларына енген спорт түрлері							
-	-	-	-	-	-	-	-
Ұлттық спорт түрлері							
12	Аударыспақ	"World Federation of Horseback Wrestling" ЗТБ					Аударыспақ
13	Асық ату	"Көшпенділердің Асық спорты халықаралық федерациясы" ЗТБ					Асық ату
14	Бәйге	-					Бәйге
15	Дәстүрлі садақ ату	"World Traditional Archery federation"					Дәстүрлі садақ ату
16	Жамбы ату	"International horseback archery alliance" (ИНАА)					Жамбы ату
17	Жекпе-жек	-					Жекпе-жек
18	Көкпар	"Бүкіләлемдік көкпар қауымдастығы" ЗТБ					Көкпар
19	Қазақ күресі	"QAZAQ KURESI" қауымдастық нысандағы ЗТБ					Қазақ күресі
20	Құсбегілік	"INTERNATIONAL QUSBEGILIK FEDERATION"					Құсбегілік
21	Теңге ілу	"Халықаралық теңге ілу ат спорт федерациясы" қауымдастық нысандағы ЗТБ					Теңге ілу
22	Тоғызқұмалақ	"Дүниежүзілік тоғызқұмалақ федерациясы" ЗТБ					Тоғызқұмалақ

Ескертпе:

аббревиатуралардың толық жазылуы:

1. WKF – Уолд каратэ Федерейшн (World Karate Federation);
2. WT – Уолд таеквондо (World Taekwondo).

Спорттың басым түрлерін бюджет қаражаты есебінен қаржыландыру қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Спорттың басым түрлерін бюджет қаражаты есебінен қаржыландыру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Дене шынықтыру және спорт туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 7-бабы 62) тармақшасына сәйкес әзірленді және спорттың басым түрлерін бюджет қаражаты есебінен қаржыландыру тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар қолданылады:

1) жоғары жетістіктер спорты – Олимпиадалық, Паралимпиадалық, Сурдлимпиадалық, Азиялық, Параазиялық ойындардың бағдарламаларына енгізілген ұлттық спорт түрлері мен спорт түрлері;

2) спорттың басым түрлері – Олимпиадалық, Паралимпиадалық, Сурдлимпиадалық, Азия, Параазиялық ойындардың бағдарламаларына енгізілген және оларда жоғары спорттық нәтижелері бар спорт түрлері және ұлттық спорт түрлері.

3. Жоғары спорттық нәтижелер болып:

1) жазғы және қысқы Олимпиадалық, Паралимпиадалық, Сурдлимпиадалық ойындарда 1-6 орындар;

2) Азиялық (жазғы және қысқы Азиялық ойындар, жауынгерлік өнер бойынша жабық үй-жайлардағы Азиялық ойындар, Жағажай Азия ойындары), Параазиялық ойындарда (жазғы және қысқы) 1-3 орындар болып есептеледі.

Ұлттық спорт түрлеріне жоғары спорттық нәтижелердің болуы талап етілмейді.

4. Жоғары спорттық нәтижелер спорт түрі бойынша аккредиттелген ұлттық спорт федерациясы басшысының мөрімен куәландырылған және қолымен расталған жарыс хаттамаларының көшірмелерімен расталады.

5. Спорттың басым түрлерінің тізбесі жазғы және қысқы Олимпиадалық, Паралимпиадалық, Сурдлимпиадалық ойындары, Азиялық (жазғы және қысқы Азиялық ойындар, жауынгерлік өнер бойынша жабық үй-жайлардағы Азиялық ойындар, Жағажай Азиялық ойындар), Параазиялық (жазғы және қысқы) ойындар қорытындылары бойынша қайта қаралады, бірақ жылына 1 реттен жиі емес.

6. Спорттың басым түрлерінің тізбесіне енбеген жоғары жетістіктер спорты түрлерін қаржыландыру көлемі спорттың басым түрлерін қаржыландыру көлемінен аспауы тиіс.

2-тарау. Спорттың басым түрлерінің республикалық тізбесіне енген спорттың басым түрлерін қаржыландыру тәртібі

7. Спорттың басым түрлерін қаржыландыру Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасына сәйкес тиісті қаржы жылдарына арналған республикалық бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

Дене шынықтыру және спорт саласындағы уәкілетті орган Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2025 жылғы 22 сәуірдегі №185 бұйрығымен бекітілген Бюджеттік сұранымды жасау, ұсыну, қарау қағидаларына сәйкес бюджеттік сұранымды жасайды және ұсынады.

8. Спорттың басым түрлерінің республикалық тізбесін дене шынықтыру және спорт саласындағы уәкілетті орган әзірлейді және бекітеді.

9. Спорттың басым түрлерінің республикалық тізбесіне енген спорт түрлерін қаржыландыруды республикалық дене шынықтыру-спорт ұйымдары жүзеге асырады.

10. Республикалық бюджет қаражаты есебінен қаржыландыру келесі бағыттарында:

1) Заңның 1-бабы 41-4) тармақшасына сәйкес дене шынықтыру және спорт саласындағы уәкілетті орган бекітетін спорттық даярлықтың ұлттық стандарттарына сәйкес спорттық резервті және жоғары дәрежелі спортшыларды даярлау жөніндегі оқу-жаттығу процесін жүзеге асыру;

2) спорт түрлері бойынша Қазақстан Республикасының ұлттық және (немесе) штаттық ұлттық командаларының мүшелерін Қазақстан Республикасының аумағында және оның шегінен тыс жерлерде халықаралық спорттық жарыстарға дайындау және қатысу;

3) Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2015 жылғы 14 мамырдағы № 179 бұйрығымен (бұдан әрі – № 179 бұйрық) (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11437 болып тіркелген) бекітілген Жарыстар түрлерінің, оқу-жаттығу жиындарының тізбесін және олардың сыныптамасына сәйкес аккредиттелген ұлттық спорт федерацияларымен және жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп республикалық және халықаралық спорт жарыстарын өткізу;

4) спорт түрлері бойынша Қазақстан Республикасының ұлттық командаларының құрамына кірген спортшыларды қамтамасыз ету, сондай-ақ спорт түрлері бойынша Қазақстан Республикасының штаттық ұлттық командаларын қамтамасыз ету және ұстау;

5) мемлекеттік дене шынықтыру-спорт ұйымдарының жұмыс істеу;

6) спорт резервін және жоғары дәрежелі спортшыларды даярлау жөніндегі оқу-жаттығу процесі жүзеге асырылатын республикалық спорт нысандарын, дене шынықтыру-спорт ұйымдарын салу, қайта жаңарту және күрделі жөндеу жүзеге асырылады.

11. Уәкілетті орган бюджет қаражаты есебінен спорттың басым түрлерін қаржыландыру мақсатында спорт резервін және жоғары дәрежелі спортшыларды

даярлау жөніндегі оқу-жаттығу процесі жүзеге асырылатын мемлекеттік дене шынықтыру-спорт ұйымдарымен тиісті қаржы жылына арналған мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасады.

Мемлекеттік мекеме ұйымдық-құқықтық нысанындағы дене шынықтыру-спорт ұйымдары жүргізетін бюджет қаражаты есебінен спорттың басым түрлерін қаржыландыру уәкілетті орган бекітетін мемлекеттік мекемені қаржыландырудың жеке жоспарына сәйкес жүзеге асырылады.

12. Қаржыландыру ай сайын мемлекеттік сатып алу туралы жасалған шарт негізінде жүзеге асырылады.

13. Спорттың басым түрлерін қаржыландыруға көзделген бюджет қаражатын қайта бөлу Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 98-бабына сәйкес жүзеге асырылады.

14. Республикалық және жергілікті бюджеттерден ақшаны жұмсау Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2020 жылғы 24 сәуірдегі № 100 бұйрығымен (бұдан әрі – № 100 бұйрық) (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20488 болып тіркелген) бекітілген Республикалық және жергілікті бюджеттерден қаржыландырылатын спорттық іс-шараларға, оның ішінде дене шынықтыру-спорт ұйымдары үшін оқу-жаттығу жиындарына бөлінетін ақша жұмсау қағидаларының 5 және 6-тармақтарына сәйкес жүзеге асырылады.

15. Спорттың басым түрлерінің тізбесіне енген спорт түрлері бойынша шығыстардың лимиттерін дене шынықтыру және спорт саласындағы уәкілетті орган келесіні ескере отырып:

1) спорт түрлері бойынша Қазақстан Республикасының ұлттық және (немесе) штаттық ұлттық командалары мүшелерінің және дене шынықтыру-спорт ұйымдарына қабылданған спортшылардың ағымдағы күнтізбелік жылы халықаралық спорттық жарыстарға қатысуы жөніндегі басым міндеттерін;

2) спорттық-бұқаралық іс-шаралар күнтізбесін, қаржылық күнтізбесін және дене шынықтыру-спорт ұйымының ағымдағы қаржы жылына арналған қаржыландыру жоспарын айқындайды.

16. Қаржылық шығындар шығындардың келесі баптары бойынша жіберіледі:

1) спортшыларды тамақтандыру Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2014 жылғы 22 қарашадағы № 107 бұйрығымен (бұдан әрі – № 107 бұйрық) (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10005 болып тіркелген) бекітілген Оқу-жаттығу процесі мен спорттық іс-шаралар кезеңінде спортшыларды, оның ішінде барлық санаттағы әскери қызметшілерді және құқық қорғау және арнаулы мемлекеттік органдардың қызметкерлерін тамақтандыру және фармакологиялық қамтамасыз ету нормативтерінің әдістемесі негізінде айқындалады;

2) спорт түрлерінде пайдаланылатын жануарлар мен құстарды жем-азығы Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2014 жылғы 14 қарашадағы № 97 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9992

болып тіркелген) бекітілген Спорт түрлерінде пайдаланылатын жануарлар мен құстардың жем-азығы нормативтері негізінде айқындалады;

3) медициналық қамтамасыз ету және медициналық көмек көрсету;

4) № 107 бұйрыққа сәйкес фармакологиялық қамтамасыз ету;

5) Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 70-бабының 3-тармағына сәйкес және дене шынықтыру және спорт саласындағы уәкілетті орган белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының аумағында және оның шегінен тыс жерде өткізілетін спорттық іс-шараларға дайындалу және қатысу кезеңінде спортшыларды, жаттықтырушыларды мен дене шынықтыру және спорт саласындағы мамандарды, әскери қызметшілер мен құқық қорғау органдарының қызметкерлерін қамтамасыз етудің заттай нормалары негізінде спорттық мүкәммал, спорттық жабдықтар және спорттық жарақтар сатып алу;

6) тұрғын үй-жайларды жалдау, тәуліктік ақы, спорттық іс-шаралар өткізілетін жерге дейін және кері жол жүру, бастапқы (нысаналы) жарналарға ақы төлеу. Спорттық іс-шараны және оқу-жаттығу жиыны өткізу кезінде қатысушылардың нақты тұратын жері бойынша тұру және тамақтану үшін ақы төлеуге жол беріледі;

7) жанар-жағармай материалдарын сатып алу;

8) спорттық іс-шараларға қатысушыларды материалдық қамтамасыз етуге байланысты спорт түрлері бойынша шығыстар;

9) визалық қызметтерге, багажды тасымалдауға, трансфер құнына ақы төлеу;

10) полиграфиялық және кәдесый өнімдерін дайындау және сатып алу;

11) "Дене шынықтыру және спорт саласындағы уәкілетті орган мен жергілікті атқарушы органдар өткізетін спорттық жарыстардың чемпиондары мен жүлдегерлері үшін жүлделер құнының мөлшерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2017 жылғы 28 шілдедегі № 219 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15562 болып тіркелген) сәйкес марапаттау және жүлделерді табыстау рәсімі;

12) спорттық іс-шараларды өткізу орнын, музыкалық және жарық жабдықтарын, мүкәммалды және өзге де қосалқы құралдарды жалға алу;

13) көлік, пошта-телеграф, баспаханалық және ақпараттық шығыстар;

14) спорттық іс-шараларды ұйымдастыруға және өткізуге тартылған қызметкерлердің, мамандар мен қызмет көрсетуші персоналдың (оның ішінде медициналық) еңбегіне ақы төлеу;

15) спорттық жарыстарға қызмет көрсеткені үшін спорт төрешілерінің қызметіне ақы төлеу;

16) спорттық мүкәммалды бейімдеу және баптау жөніндегі қызметтер;

17) спорттық делегацияларды қабылдау және оларға қызмет көрсету, тұрғын үй-жайларды жалдау және ұйымдастырылған тамақтану;

18) заңды және жеке тұлғалар ақылы негізде көрсететін қызметтерді қоса алғанда, спорттық іс-шараларды ұйымдастыруға, өткізу орындарын дайындауға және ағымдағы ұстауға байланысты қызметтерге ақы төлеу;

19) спорттық іс-шараны өткізу үшін қажетті спорт түрінің немесе спорттық іс-шараның ерекшелігін ескере отырып, спорттық іс-шараларды өткізу үшін материалдық қорларды сатып алу;

20) спорттық іс-шараларға қатысу, бірыңғай республикалық және өңірлік күнтізбелерде спорттық іс-шараларды тіркеу, бастапқы және ұйымдастырушылық жарналарды төлеуге байланысты шығыстар;

21) спорт түрлері бойынша Қазақстан Республикасының ұлттық және (немесе) штаттық ұлттық командаларын, спорттық іс-шараларға қатысу үшін спорттық іс-шараларға қатысушыларды және спорттық жарыстарға қызмет көрсету үшін қажетті басқа да мамандарды іссапарға жіберу;

22) № 100 бұйрыққа сәйкес бірінші топтағы мүгедектігі бар еріп жүретін спортшының шығыстарын өтеу;

23) "Жоғары дәрежелі спортшылармен, жоғары дәрежелі спортшыларды даярлауды жүзеге асыратын жаттықтырушылармен және дене шынықтыру және спорт саласындағы мамандармен спорттық қызмет туралы шарттар бойынша ақша төлемінің мөлшерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Спорт және дене шынықтыру істері агенттігі төрағасының 2014 жылғы 28 шілдедегі № 296 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9677 болып тіркелген) сәйкес спорттық қызмет туралы шарттар бойынша ақы төлеу;

24) "Халықаралық спорттық жарыстардың чемпиондары мен жүлдегерлеріне, спорт түрлері бойынша Қазақстан Республикасы ұлттық командаларының жаттықтырушылары мен мүшелеріне ақшалай көтермелеу мөлшерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2023 жылғы 27 маусымдағы № 156 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 32990 болып тіркелген) сәйкес ақшалай көтермелеу;

25) "Спорт түрлері бойынша Қазақстан Республикасы ұлттық командаларының мүшелеріне олардың халықаралық спорттық жарыстарда жарақаттар алуы және мертігуі кезінде өтемақы төлемдерін төлеу" мемлекеттік қызметін көрсету қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Спорт және дене шынықтыру істері агенттігі Төрағасының 2014 жылғы шілдедегі № 292 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9672 болып тіркелген) сәйкес өтемақы төлемдерін төлеу.

17. Спорт резервін және жоғары дәрежелі спортшыларды даярлау жөніндегі оқу-жаттығу процесі жүзеге асырылатын мемлекеттік дене шынықтыру-спорт ұйымдары шартта белгіленген мерзімдерде мемлекеттік сатып алу туралы шарттың орындалуы туралы ай сайынғы есепті қоса бере отырып көрсетілген қызметтер актісін,

сондай-ақ мемлекеттік сатып алу туралы шарттың орындалуы бойынша қорытынды есепті уәкілетті органға ұсынады.

3-тарау. Өңірлер бөлінісінде спорттың басым түрлерінің өңірлік тізбесіне енген спорттың басым түрлерін қаржыландыру тәртібі

18. Спорттың басым түрлерін қаржыландыру Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасына сәйкес тиісті қаржы жылдарына арналған жергілікті бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

Дене шынықтыру және спорт саласындағы жергілікті атқарушы орган Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2025 жылғы 22 сәуірдегі №185 бұйрығымен бекітілген Бюджеттік сұранымды жасау, ұсыну, қарау қағидаларына сәйкес бюджеттік сұранымды жасайды және ұсынады.

19. Өңірлер бөлінісінде спорттың басым түрлерінің өңірлік тізбесі облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың жергілікті атқарушы органдарының ұсынысы бойынша спорттың басым түрлерінің республикалық тізбесіне енген спорт түрлерінің негізінде дене шынықтыру және спорт саласындағы уәкілетті органмен әзірленіп, бекітіледі.

20. Жергілікті бюджет қаражаты есебінен қаржыландыру:

1) Заңның 1-бабы 41-4) тармақшасына сәйкес дене шынықтыру және спорт саласындағы уәкілетті орган бекітетін спорттық даярлықтың ұлттық стандарттарына сәйкес спорт резервін және жоғары дәрежелі спортшыларды даярлау жөніндегі оқу-жаттығу процесін жүзеге асыру;

2) облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың командаларын даярлау және олардың спорттың басым түрлері бойынша республикалық және халықаралық спорттық жарыстарға қатысуы;

3) спорт түрлері бойынша аудандық, облыстық маңызы бар қалалардың құрама командаларын даярлау және олардың облыстық спорттық жарыстарда өнер көрсетуі;

4) № 179 бұйрыққа сәйкес ұлттық және (немесе) жергілікті аккредиттелген спорт федерацияларымен бірлесіп облыстық, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың спорттық жарыстарын өткізу;

5) № 179 бұйрыққа сәйкес жергілікті аккредиттелген спорт федерацияларымен бірлесіп, спорт түрлері бойынша аудандық, облыстық маңызы бар қалалардың спорттық жарыстарын өткізу;

6) дене шынықтыру және спорт саласындағы уәкілетті орган және ұлттық аккредиттелген спорт федерацияларымен бірлесіп өткізетін республикалық және халықаралық спорттық жарыстарды өткізуге қатысу;

7) жергілікті атқарушы органдардың меншігіндегі мемлекеттік дене шынықтыру-спорт ұйымдарының жұмыс істеуі;

8) спорт нысандарын салу және қайта жаңарту;

9) Заңның 7-бабы 65-16) тармақшасына сәйкес дене шынықтыру және спорт саласындағы уәкілетті орган бекітетін спорт түрлері бойынша Қазақстан Республикасы ұлттық құрама командаларының құрамына кіретін спортшыларға, олардың жаттықтырушыларына ай сайынғы ақшалай қамтылым төлемдерін төлеу көзделеді.

21. Жергілікті атқарушы орган бюджет қаражаты есебінен спорттың басым түрлерін қаржыландыру мақсатында спорт резервін және жоғары дәрежелі спортшыларды даярлау жөніндегі оқу-жаттығу процесі жүзеге асырылатын мемлекеттік дене шынықтыру-спорт ұйымдарымен тиісті қаржы жылына арналған мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасады.

Мемлекеттік мекеменің ұйымдық-құқықтық нысанындағы дене шынықтыру-спорт ұйымдары жүргізетін бюджет қаражаты есебінен спорттың басым түрлерін қаржыландыру жергілікті атқарушы орган бекітетін мемлекеттік мекемені қаржыландырудың жеке жоспарына сәйкес жүзеге асырылады.

22. Қаржыландыру ай сайын мемлекеттік сатып алу туралы жасалған шарт негізінде жүзеге асырылады.

23. Спорттың басым түрлерін қаржыландыруға көзделген бюджет қаражатын қайта бөлу Қазақстан Республикасы Бюджет Кодексінің 98-бабына сәйкес жүзеге асырылады.

24. Жергілікті бюджеттен ақша жұмсау № 100 бұйрықпен бекітілген Республикалық және жергілікті бюджеттерден қаржыландырылатын спорттық іс-шараларға, оның ішінде дене шынықтыру-спорт ұйымдары үшін оқу-жаттығу жиындарына бөлінетін ақша жұмсау қағидаларының 5 және 6-тармақтарына сәйкес жүзеге асырылады.

25. Өңірлер бөлінісінде спорттың басым түрлерінің өңірлік тізбесіне енген спорт түрлері бойынша шығыс лимиттерін жергілікті атқарушы орган мыналарды ескере отырып айқындайды:

1) дене шынықтыру және спорт саласындағы уәкілетті орган белгілеген басым міндеттер;

2) спорттық-бұқаралық іс-шаралар күнтізбесі, қаржылық күнтізбе және дене шынықтыру-спорт ұйымының ағымдағы қаржы жылына арналған қаржыландыру жоспары.

26. Спорт резервін және жоғары дәрежелі спортшыларды даярлау бойынша оқу-жаттығу процесі жүзеге асырылатын мемлекеттік дене шынықтыру-спорт ұйымдары шартта белгіленген мерзімдерде мемлекеттік сатып алу туралы шарттың орындалуы туралы ай сайынғы есепті қоса бере отырып көрсетілген қызметтер актісін, сондай-ақ мемлекеттік сатып алу туралы шарттың орындалуы бойынша қорытынды есепті жергілікті атқарушы органға ұсынады.

27. Қаржыландыру осы Қағидалардың 16-тармағында көзделген шығыстардың баптары бойынша, сондай-ақ, Заңның 7-бабы 65-16) тармақшасына сәйкес дене шынықтыру және спорт саласындағы уәкілетті орган бекітетін спорт түрлері бойынша Қазақстан Республикасы ұлттық құрама командаларының құрамына кіретін

спортшыларға, олардың жаттықтырушыларына ай сайынғы ақшалай жабдықтылым төлемдерін төлеу үшін жіберіледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК